

Жергілікті өнеркәсіпте "Зергер" мемлекеттік акционерлік компаниясын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 26 тамыз 1993 ж. N 736. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.12.14. N 1725 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Шаруашылықты басқару органдарының жүйесін жетілдіру туралы" 1993 жылғы 23 маусымдағы N 1291 Жарлығын орындау үшін және өтпелі кезеңде мемлекеттік реттеуді күшейту, нарықтық құрылымдарды қалыптастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті:

қосымшаға сәйкес мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың, акционерлік қоғамдардың құрамында "Зергер" мемлекеттік акционерлік компаниясын (бұдан былай - Компания) құру жөніндегі құрылтай құжаттарының жобасын әзірлесін және бір айлық мерзімде Компанияның мүліктік кешенін қалыптастыру жұмысын аяқтайтын болсын;

заңда белгіленген тәртіппен Компанияның құрамына енгізілген мемлекеттік кәсіпорындардың мүлкін иелену, пайдалану және басқару құқығын, сондай-ақ бұрын құрылған акционерлік қоғамдардың акцияларының мемлекеттік пакетін иелену, пайдалану және басқару құқығын Компанияға берсін.

Мемлекеттік кәсіпорындарды акционерлендіру дәрежесіне қарай акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін, Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға арналған Ұлттық бағдарламасында (II кезең) көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті сататын акциялардың пакеттерінен басқасын, иелену, пайдалану және басқару Компанияға берілсін.

2. "Зергер" акционерлік компаниясы "Қазжергіліктіөнеркәсіп" мемлекеттік концернінің мүліктік құқықтары мен міндеттерінің құқылы мирасқоры болып табылады деп белгіленсін.

Компанияның басқармасы Алматы қаласы Жібек жолы көшесіндегі 64 үйде орналасады.

3. Компания қызметінің негізгі мақсатын халық тұтынатын тауарлардың

өнеркәсіп өндірісін дамыту және халыққа қызмет көрсету, шетелдік инвесторлардың тарту, өндірісті көп салалы ету және коммерцияландыру деп анықталып, оған:

өзінің құрамына кіретін кәсіпорындардың қызметін үйлестіру;
Компанияның өзара байланысты өндірістік бағдарламаларын жасау және оларды қарастыру;
негізгі өнім түрлері бойынша мемлекет мұқтажына арналған тапсырысты кәсіпорындарға жеткізу;
халық тұтынатын тауарлар өндірісін дамыту мен ұлғайту, техникалық қайта жарақтандыру, айналадағы ортаны қорғау жөніндегі аса маңызды ғылыми-техникалық бағдарламаларды жасау жүктелсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1993 жылғы 26 тамыздағы

№ 736 қаулысына

Қосымша

"Зергер" мемлекеттік акционерлік компаниясының

құрамына кіретін кәсіпорындардың

Тізбесі

"Темір-зат" акционерлік қоғамы, Алматы қаласы
Атырау металл бұйымдары зауыты, Атырау қаласы
Қарағанды металл бұйымдары зауыты, Қарағанды қаласы
Талдықорған металл ойыншықтар зауыты, Талдықорған қаласы
"Ақтөбехимпласт" өндіріс бірлестігі, Ақтөбе қаласы
"Ақбұлақ" бірлескен кәсіпорны, Алматы қаласы
Қарағанды тоқыма-галантерея фабрикасы, Қарағанды қаласы
Ақтөбедегі "Светотехника" зауыты, Ақтөбе қаласы
"Түскиіз" көркем кәсіпшілігі фабрикасы, Алматы қаласы
Жамбылдағы "Өнерпаз" фабрикасы, Жамбыл қаласы
Алматыдағы "Кәдесый" кәсіпорны, Алматы қаласы
"Охотзоопром" өндіріс бірлестігі, Алматы қаласы
Жамбыл тоқыма-галантерея фабрикасы, Жамбыл қаласы
Шымкенттің халық тұтынатын тауарлар шығаратын фабрикасы,
Шымкент қаласы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК